

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 7 (918) 17 ақпан 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

◆ Президент

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БІРНЕШЕ ОБЛЫС ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облыстарының әкімдерін қабылдады.

Президентке облыстардың әкімдері өңірлердің былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндады. Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғайтұевтің мәліметіне сәйкес өткен жылы Маңғыстау облысында құны 25 миллиард теңгені құрайтын 15 инвестициялық жоба жүзеге асырылған. Өңір экономикасына тартылған инвестиция көлемі 15,8 пайызға артып, 762 миллиард теңгеге жеткен. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 75,3 мың бірлікке жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 33,3 пайызға өскен. Туризм саласында көрсетілген қызметтер көлемі 1,6 есеге ұлғайды. 2022 жылы Маңғыстау өңіріне шетелдер мен ел аймақтарынан 231 мың турист келді.

Мемлекет басшысына ауызсу мәселесін шешу жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, былтыр 12 ауылға су құбыры тартылды. Облыстағы ауызсу тапшылығын кезең-кезеңімен шешу үшін 2025 жылға дейін жалпы су тұтыну қуаты 286 мың текше метр болатын 9 жоба жүзеге асырылады.

Сонымен қатар Президентке өңір басшысы тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласын жетілдіру, Ақтау қаласының инженерлік инфрақұрылымын қалыпқа келтіру, МАЭК кәсіпорнын қайта жаңғырту мәселелері жөнінде баяндалды.

Президенттің қабылдауында болған Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды былтыр жалпы өңірлік өнім көлемі 3 триллион теңгені құрағанын, ал ауыл шаруашылығындағы өнім көлемі алғаш рет 1 триллион теңгеден асқанын айтты. Салаға 75 миллиард теңге инвестиция тартылды. Сонымен қатар шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 184 579-ға жеткен.

Мемлекет басшысына су құбыры бұрын-соңды болмаған жеті елді мекеннің ауызсумен қамтамасыз етілгені жөнінде мәлімет берілді. Биыл 25 елді мекенге ауызсу құбырын тартып, тозығы жеткен сумен қамтамасыз ету желісін жаңарту жоспарланып отыр. Сондай-ақ 56 елді мекен табиғи газ құбырына қосылып, 47 елді мекеннің электр желілері жаңартылады.

Облыс әкімі өткен жылы 54 мектептің құрылысы жүргізіліп, оның 21-і пайдалануға берілгенін жеткізді. Биыл тағы 20 мектептің құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 63 білім мекемесінің құрылысы мақұлданды. Бұдан бөлек, биыл ауылдық жерлерде 49 медицина нысаны салынады.

Президентке Сырдария өзені бойындағы елді мекендерді су басу қаупінің алдын алу үшін жүргізілген жұмыстар жөнінде баяндалды. Алдын

ала қамданғанның нәтижесінде бес аудандағы 43 елді мекенді су басу қаупі жойылған. Толассыз жауған нөсер жауын салдарынан бірқатар ауданда жекелеген үй аулаларын су басып қалғандықтан, 200-ге жуық адам қауіпсіз жерге көшірілді. Қазір жағдай тұрақтанып, тұрғындар үйлеріне оралды. Арнайы комиссия шығын көлемін анықтап жатыр.

Президентке Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров ауыл шаруашылығын дамыту және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері жөнінде баяндады.

Облыс әкімінің айтуынша, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларында құны 160 миллиард теңгені болатын 62 инвестициялық жоба іске асырылады. Сондай-ақ өңірге 430 миллиард теңге инвестиция тарту жоспарланып отыр, оның жартысы ауыл шаруашылығына бөлінеді.

Президентке көктемгі егіс науқанына дайындық жұмыстары туралы да ақпарат берілді. Қазіргі уақытта 489 мың тонна тұқым себіліп, 180 мың тонна минералды тыңайтқыш беріледі. Сонымен қатар биыл акционерлер жаңа түтін құбырын салуға және ЖЭО-2 қазандық агрегаттарын күрделі жөндеуден өткізуге 6 миллиард теңге бөледі. 1,1 миллиард теңгеге 7,2 шақырым жылу желілерін жөндеу және қайта жаңарту жоспарланып отыр.

Облыс әкімі өңірде 650 шақырым жол жөнделіп, 300 мың шаршы метр тұрғын үй салынатынын жеткізді. 16 мыңнан астам адам тұратын 22 ауылды сумен қамтамасыз ету ісі жақсартылды.

«Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобалары аясында мектептер мен медициналық мекемелердің құрылысы туралы ақпарат жеке ұсынылды.

Одан кейін Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президентке тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен әлеуметтік салаларда атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйі, инвестиция тарту ісі, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқыны туралы мәлімет берді.

Ермағанбет Бөлекпаев 53 ірі жобаны жүзеге асыру қолға алынғанын, нәтижесінде 12 мың жұмыс орны ашылатынын айтты. Оның айтуынша, облыста шағын және орта бизнес субъектілерінің саны артып келеді. Жергілік органдар құны 18 миллиард теңге болатын 5,5 мың жобаны қаржыландырып, 5,8 мың жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар былтыр өңірде 597,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ауыл шаруашылығы саласында өткен жылы 1,2 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Биыл игерілмей жатқан 580 мың гектар жерді қайтару жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысына әлеуметтік саладағы жоспарлар жөнінде баяндалды. Атап айтқанда, ауылдық елді мекендерде 92 медицина нысаны салынады, ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласын жаңғырту аясында 2 ауданаралық аурухана құрылады. Сондай-ақ Қарағанды медицина университеті жанынан 300 орындық клиника мен 200 орындық перинатальдық орталық салу қарастырылған. Облыста 2023–2025 жылдар аралығында 18 заманауи мектеп салынуға тиіс.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облыстардың әкімдеріне былтыр өңірлерге жұмыс сапары барысында берген тапсырмалары уақытылы әрі сапалы орындалуға тиіс екенін айтты. Сондай-ақ өңірлердің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі қамтамасыз етуді және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Akorda.kz

◆ Сайлау-2023

ҮШ ОКРУГ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ Алабота ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы ХАБАРЛАМА



Тайынша аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45, 113-11 баптарына, сайлау комиссиясының 2023 жылғы 14 ақпанда шешіміне сәйкес 2023 жылғы 12 ақпанда сайланған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Алабота ауылдық округінің әкімін тіркеді:

Қажымхан Мерғазезұлы Жақыбаев, 1978 жылы туған, «Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы «РМҚК, АҚ және ТЖ инспекторы, Тайынша ауданы Аққұдық ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

Тайынша аудандық сайлау комиссиясы.

Летовочный ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы ХАБАРЛАМА



Тайынша аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45,113-11 баптарына, сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпанда шешіміне сәйкес 2023 жылғы 12 ақпанда сайланған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округінің әкімін тіркеді:

Владимир Николаевич Куровский, 1989 жылы туған, Тайынша ауданы «Летовочный ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ жетекші маманның м.а, Тайынша ауданы Летовочное ауылында тұратын, «AMANAT» партиясының мүшесі.

Тайынша аудандық сайлау комиссиясы.

Чермошнян ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы ХАБАРЛАМА



Тайынша аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45,113-11 баптарына, сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпанда шешіміне сәйкес 2023 жылғы 12 ақпанда сайланған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округінің әкімін тіркеді:

Қайыргелді Танатарұлы Ищанов, 1974 жылы туған, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ бас маманы, Тайынша ауданы Чермошнянка ауылында тұратын, «AMANAT» партиясының мүшесі.

Тайынша аудандық сайлау комиссиясы.

◆ Көпшілік Назарына

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылғы 21 ақпанында сағат 11.00-де Тайынша қаласындағы қалалық әкімдігінде бос жұмыс орындар мен бос орындар жәрмеңкесі өтеді.

Барлық меншік нысанындағы жұмыс берушілер, жұмыссыздар мен ауданның жұмыс іздеп жүрген тұрғындары шақырылады.

Анықтама үшін телефон: 21419, 21673, 79048.

СҚО-ДА ТАСЫМАЛ ДАУШЫЛАРДЫҢ СУБСИДИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ

Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов болды.

Сапардың негізгі мақсаты – кәсіпкерлік субъектілерімен әкімшілік-бюрократиялық кедергілерді жою мәселелері бойынша кездесу. Себебі мемлекеттің экономикалық әлауқатының өсуі отандық кәсіпкерліктің дамуына байланысты.

Саян Ахметжановтың айтуынша, кәсіпкерлердің бастамаларын қолайлы іске асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет кәсіпкерлерді қорғау бойынша «Бизнеске жол» жобасын іске қосты.

- Бизнесіміз қорғаудың жобалық тәсілі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Әр өңірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінен, «Атамекен» ҰҚП АҚ өкілдерінен және жұртшылықтан жұмыс топтары құрылды. Бизнеспен диалог алаңдары ұйымдастырылды. Бұл жұмысқа жергілікті атқарушы органдар да қосылған, - деді Саян Ахметжанов.

Бүгінгі таңда өңірлік Департаменттің қарауында кәсіпкерлердің бірқатар шағымдары бар, бұрын келіп түскен өтініштердің бір бөлігі оң шешімін тапты.

Тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау кезінде жергілікті атқарушы органдар құрған әкімшілік кедергі жойылды.

Тасымалдаушылар қауымдастығы өкілінің айтуынша, шартта дискрециялық норманың болуына байланысты олар екі жыл бойы Петропавл қаласының әкімдігінен тиісті субсидияларды толық көлемде ала алмады, бұл жалақы төлеуге, қарыздарды өтеуге және автобус паркін жаңғыртуға кері әсерін тигізді.

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ұйымдастырған пікір алмасу алаңының нәтижесінде, тараптар ортақ пікірге келуіне байланысты жемқорлық тәуекелі алынып тасталды.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтау саласындағы заңнамадағы жаңалықтарының бірі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29.12 №153 Жарлығымен (Әдеп кодексімен бір мезгілде) бекітілген Әдеп жөніндегі уәкіл туралы Ереже болды. Әдеп жөніндегі уәкіл-қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарын, Әдеп кодексін, Әдеп жөніндегі уәкіл туралы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де актілерін басшылыққа алады.

Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілерді және өзге де азаматтарды оның функцияларына жатқызылған мәселелер бойынша жалпыға бірдей көруге болатын орындарда орналастырылған кестеге сәйкес қабылдауды жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда азаматпен немесе мемлекеттік қызметшімен әңгімелесу телефон арқылы не ақпараттық тиісінше берілуін қамтамасыз ететін басқа да коммуникация құралдарын пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін. Әдеп жөніндегі уәкілге қызметшілер мен азаматтар проблемалық жағдайларды реттеу, әріптестермен өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу бойынша кеңес беру үшін көмек сұрай алады. Әдептік бақылау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін үнемі жетілдіру мемлекеттік қызметтің оң имиджін нығайтуға оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілеу және олардың сақталуын жүйелі бақылау халықтың мемлекетке деген сенімін арттыруға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен қызметтік әдеп нормаларының бұзылуының алдын алуға ықпал ететін болады. Әдеп жөніндегі Уәкіл – «ҚР ЭМ Атомдық және энергетикалық бақылау мен қадағалау комитетінің СҚО бойынша аумақтық департаменті» ММ (бұдан әрі - Департамент) басшысы Борзилов Н. П. 2022 жылы мынадай іс-шаралар өткізді:

- 2-мемлекеттік қызметшіге жеке консультациялық көмек көрсетілді және 8 - азаматқа, оның ішінде 4-мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР Заңнамасының және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша көшпелі жеке қабылдау жүзеге асырылды;

- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының доценті Л. Д. Лазаренконың қатысуымен Департамент қызметкерлерімен Әдеп, тайм менеджмент, шешендік өнер мәселелері бойынша кеңес өткізілді;

Мемлекеттік қызметшінің әдеп мәселелері бойынша мына мекен-жайға хабарласуға болады: Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 11, 204-кабинет, телефон 8 (715) 2 36-20-94.

Н.П. БОРЗИЛОВ,

«ҚР ЭМ Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің СҚО бойынша аумақтық департамент» ММ басшысы - Әдеп жөніндегі уәкіл.

2022 ЖЫЛЫ ПАЦИЕНТТЕР МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ШАҒЫМДАР

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында өткен жылы Қорға жүгінген азаматтардың өтініш-шағымдары бойынша қорытынды жасады. 2022 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанға дейін Бірыңғай ақпараттық медициналық Call-орталығына 759 164 өтінім келіп түскен. Оның ішінде 707,5 мың адам кеңес алса, 24 мың жүгінуді шағым қалдырды.

Талдау көрсеткендей, өтініштердің 85%-ында 1406-ға қоңырау шалынған. Шамамен 14% өтінім Қорға Qoldau 24/7» мобильді қосымшасына келіп түсті. Қордың fms.kz ресми сайты, Telegram-дағы @Saqtandyrbot, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің сайты мен блогы сынды кері байланыс арналары да халық арасында танымал.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында атап өткендей, өтінімдердің 93%-ында кеңес берілсе, 50 мыңнан астам өтінімді егжей-тегжейлі қарау және жауап беру үшін 2-ші және 3-ші қолдау желісіне жіберілді.

Астана, Алматы, Ақмола және Ақтөбе облыстарының тұрғындары әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры операторларының кеңесін белсенді пайдаланады.

Қорда атап өткендей, республикалық маңызы бар қалаларда ел халқының 20%-ы тұрады. Сәйкесінше бұнда медициналық қызметтерді тұтынушылар басым әрі халық тарапынан жиі сұрақтар қойылады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры өзін пациенттердің омбудсмені ретінде ұстанатыны көпшілікке мәлім. Сол себепті адамдар медициналық көмек алу кезінде құқықтары бұзылған жағдайда Қорға жазып, хабарласады.

Өткен жылы пациенттер Қорға 24 мың шағым жіберген. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда олардың саны 35%-ға арты (2021 жылы 17,7 мың шағым). Шағымдардың жартысына жуығы Алматы, Астана қалаларына және Қарағанды облысына тиесілі.

Азаматтар көбінесе медициналық көмектің сапасыз көрсетілгенін айтып шағымданады (32,6%). Екінші орында – медициналық көмек көрсетуден бас тарту түр (19%). Сондай-ақ медициналық көмекті ұзақ күту (5,8%), дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуден бас тарту (4,8%), этика мен деонтологияны бұзу (4%), медициналық ұйымның ақпараттық жүйелерінде көрсетілмеген қызметті көрсетілді деп көрсеткен жалған ақпарат (3,2%) бойынша шағымдар түсті.

«Пациенттер өз емханаларында бейінді мамандар болмаған кезде, басқа медициналық ұйымдарға жолдама ала алмағандарын немесе ақылы негіздегі тексерулер мен консультацияларға жіберілгендерін, сонымен қатар, уақтылы ем ала алмай немесе сапасыз емделгендерін, бейінді дәрігерлердің консультацияларын ұзақ күткендерін, медицина қызметкерлерінің дәрежі әрекеті, ТМҚК кіретін медициналық көмекті алуға сақтандыру мәртебесін заңсыз талап еткендерін және өз құқықтары бұзылғанын айтып шағымданады», - деп атап өтті Әлеуметтік

медициналық сақтандыру қоры.

Естеріңізге сала кетейік, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сарапшылары әрбір шағым бойынша жоспардан тыс мониторинг жүргізеді және оның қорытындысы бойынша бұзушылықтар расталған жағдайда айыппұл санкциялары қарастырылады.

Қор келіп түскен өтініш-шағымдарды талдау және мониторинг арқылы кері байланыс сапасына халықтың көңілі толғанын анықтайды. Жыл қорытындысы бойынша 95,3% толыққанды жауап беріледі.

Медициналық қызметтерді көрсетуден бас тартқан жағдайда, медқызметтердің сапасына көңілі толмаған пациенттер медициналық ұйымнан ресми жауап алу және тиісті шаралар қабылдау үшін жоғарыда аталған байланыс арналары бойынша міндетті түрде ресми өтінім қалдыру қажет. Әлеуметтік желілерде жазылған шағымдар процессуалдық шешім қабылдау үшін ресми өтінім болып табылмайды.

Егер тағы сұрақтар туындап жатса, сіз өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының келесі байланыс арналары арқылы өтініш жібере аласыз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы Saqtandyrbot.

Осы құралдар арқылы сақтандыру мәртебесін тексеруге болады. Сондай-ақ, медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеріп, жүргізілген төлемдер туралы ҚР электрондық үкіметінің сайтында egov.kz «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-ға аударылған сомалар туралы ақпарат» мемлекеттік қызметі арқылы білуге болады.

Сонымен қатар «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» KEAҚ СҚО бойынша филиалында азаматтарды қабылдау кабинеті ұйымдастырылғаны жөнінде еске саламыз. 2023 жылғы 1-31 қаңтар аралығында СҚО бойынша филиалмен 499 консультация берілді, оның ішінде 85 адам азаматтарды қабылдау кабинетіне жеке өзі жүгінді.

2022 жылдың осы кезеңінде 294 консультация берілді, оның ішінде 50 адам жеке өтініш білдірді.

Биылғы жылы шетел азаматтары (РФ, Армения, Украина, Тәжікстан, Армения, Өзбекстан) емханаларға тіркелу, МӘМС жарналарын төлеу, сақтандыру мәртебесі, ЖСН біріктіру, берешекті жою және т. б. мәселелері бойынша жиі жүгіне бастады. Сондай-ақ, тұрғындардан еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелерін тіркеу туралы сұрақтар келіп түседі.

Филиалдың мекенжайы: Абай көшесі, 57, №12 кабинет. Кеңес алу үшін телефондар: 555165, 555164.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» KEAҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!

«Алаш» ұлт-азаттық қозғалысы туралы мұрағаттық құжаттарды және «Халық жады» естелік кітабын басып шығаруға дайындау үшін ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Е.Т.Кариннің төрағалығымен саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві» КММ Тайынша аудандық филиалы саяси құғын-сүргін құрбандары мен олардың ұрпақтарының естеліктері, куәгерлердің сөздері, 1930-1950 жылдары туған, ата-анасының қасіретін еске алатын аға буын өкілдерінің репрессия құрбандарының әртүрлі санаттары бойынша (байлар, құлақтар, халық көтерілістеріне қатысушылар, Қазақстаннан келген мәжбүрлі босқындар, ГУЛАГ лагерлерінің тұтқындары, тұтқындар, жер аударылғандар мен арнайы қоныс аударушылар, дін өкілдері және т.б.) естеліктер туралы мәліметтер жинап жатыр. Сұрақтар бойынша осы нөмір бойынша хабарласыңыздар: 2-33-91. Қолда бар ақпаратты (өмірбаян, естеліктер, эссе, фото /бар болса/) Тауынша.arhiv@sco.gov.kz мекенжайына жіберіңіздер. Тайынша қаласы, Пролетар көшесі 193үй.

Создана Государственная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий под председательством Государственного советника Республики Казахстан Карина Е.Т. для подготовки к изданию архивных документов по национально-освободительному движению «Алаш» и книги памяти «Халық жады» (Память народа). Тайыншинский районный филиал КГУ «Северо-Казахстанский государственный архив управления культуры, развития языков и архивного дела акимата Северо-Казахстанской области» проводит сбор информации о воспоминаниях жертв политических репрессий и их потомков, свидетельств очевидцев, старшего поколения, рожденных в 1930-1950 годах, которые помнят трагедию их родителей, по различным категориям жертв репрессий

ОЛЕЙНИК ЗОЯ ГЕННАДЬЕВНА,
архивист высшего уровня квалификации высшей категории Тайыншинского районного филиала КГУ «Северо-Казахстанский государственный архив управления культуры, развития языков и архивного дела акимата Северо-Казахстанской области».

«БЖЗҚ» ҚЫЗМЕТТЕРІ «ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ

«БЖЗҚ» АҚ өз қызметтерінің қолжетімділігін үнемі жетілдіріп келеді. «Қазпошта» АҚ-мен ынтымақтастық – Қор салымшыларымен қарым-қатынас жасау тәсілдерінің бірі. 2022 жылы Қор қызметтерін көрсету барысында «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің санына пошта операторының тағы 27 бөлімшесі қосылып, 376-ға дейін ұлғайтылды. Бұл шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына, қажет болған жағдайда, өздерінің жеке деректеріне өзгерістер енгізуге, сондай-ақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алудың неғұрлым танымал әрі ыңғайлы тәсілін нақтылап, таңдауға мүмкіндік береді.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ бірлескен жобасының арқасында 2019-2022 жылдар аралығында салымшыларға (алушыларға) 35 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде 11 мыңнан астам салымшы электрондық хабарлау тәсілін таңдады. 23 мыңнан астам адам жеке деректемелерін өзектендірді. БЖЗҚ қызметтеріне ең көп сұраныс Қызылорда, Маңғыстау, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалды.

Естеріңізге сала кетейік, «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде Қордың салымшылары (алушылары) келесі қызметтерді алады:

- салымшының (алушының) қосымша деректемелерін (жеке куәлігінің деректемелерін, телефон нөмірін, электрондық және пошталық мекенжайларын) өзгерту (толықтыру) туралы өтініш беру;

- хабарлау тәсілін өзгерту (анықтау) туралы келісімге қол қою («электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе пайдаланушының логині мен паролін пайдалана отырып, жеке кабинет арқылы» және «электрондық пошта арқылы» тәсілдеріне өзгерту).

Қосымша деректемелер мен ақпараттандыру тәсілін өзгерту бойынша БЖЗҚ қызметтерін алуға болатын «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің тізімін eprf.kz сайтындағы «Қызметтер» бөлімінен таба аласыз. Сонымен қатар, БЖЗҚ қызметтерінің басым бөлігін үйден шықпай-ақ, онлайн режимінде eprf.kz корпоративтік сайтындағы Жеке кабинет немесе БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасында алуға болатынын хабарлаймыз.

БӨТЕН СӨЗБЕН БЫЛҒАНСА СӨЗ АРАСЫ... БҰЛ ЖҰРТТЫҢ СӨЗ ТАНЫМАС БІР ПАРАСЫ

Абай Құнанбайұлы.

Тіл сарапшылардың бірі Ф.Мүсіреповтің «сөз – сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады» деген пікірін келтіреді. Біздіңше, осы күні «сөзге көлеңкесін түсіріп тұрған сөз» көбейді. Мұны тіл білімі ғылымында «Паразит сөздер» деп атайды. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкерлері «Паразит сөздер мен олардың тілді құрту мен байытудағы рөлі қандай?» деген сауалға жауабы мынадай болды:

СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ – АСА МАҢЫЗДЫ

Жамал МАНКЕЕВА, филология ғылымының докторы, профессор: – Тәуелсіздік кезеңі қазіргі қоғамдық өмірдің барша салаларына оң бағыттағы көптеген өзгерістер әкелді. Атап айтқанда, ол өзгерістер ұлттық сананың жаңғыру үдерісіне ықпал етіп, танымдық өзек ретінде тіл мен оның қолданысынан да тыс қалған жоқ.

Мемлекеттік мәртебе ана тілінің дамуын жаңа сапалық деңгейге көтерді. Осымен байланысты тілдің қоғамдық қызметін кеңейтіп, әлеуетін жан-жақты ашуға мүмкіндік беретін жаңа коммуникативтік кеңістіктер қалыптаса бастады. Оның ішінде жас ұрпақтың, әртүрлі кәсіп иелері мен әртүрлі аудиторияның ұлттық, ғылыми, мемлекетшілдік санасын ана тілінде игеруге бағытталған, мемлекеттік тілде сапалы зияткерлік хабар тарататын жаңа форматтағы бағдарламалар, интернет т.б. БАҚ-тың тілін қолданушы контент қалыптасып келе жатқаны да шындық.

Дегенмен осы бағыттағы креативті ойлау жүйесі мен тың ізденістердің жаңару үрдісінде ана тілінің ішкі заңдылықтарына, қолданыстың төл сипатына, дәстүрлі сөз мәдениетіне сәйкес келмейтін олқылықтар да байқалады. Атап айтқанда, ол терминжасам үдерісіндегі мәңгіз калькалық үлгілер (балалар), жөнсіз окказионализмдер, тіл болмысына сәйкес құрылмаған сөз тіркесі мен сөйлемдер (мен ойлаймын, т.б.) сөзді қабылдауға теріс әсер ететін артық қыстырма сөздер (жаңағы, т.б.).

Ана тілінің құдіретін танытып, бар әлеуетін жан-жақты ашып, орынды қолданыс тапқан сөз жүйесін сақтап, дәстүрлі қазақ сөзсаптау үлгісін жалғастыру – қазіргі таңда аса өзекті. Бұл, сайып келгенде, қазақ сөзінің қазіргі заманауи қоғамдағы коммуникативтік қызметінің сапасын көтереді.

Шын мәнінде, тіл тұтынушының тезіне түскен сөз болмысының өзгеріп, құбылуы, дағдыдан тыс қолданысқа түсуінің оң/теріс сипаты оның тұлғалық танымына, біліміне, біліктілігіне байланысты. Сондықтан сөз мәдениеті мәселесін төл мәдениетіміздің сөз өнеріне негізделген тәрбиесіне сай жетілдіру – аса маңызды.

ҚАЗІР «ШЕШЕН СӨЙЛЕУДЕН» ГӨРІ, «ДҰРЫС СӨЙЛЕУ» МӘСЕЛЕСІН КӨП АЙТАМЫЗ

Назира ӘМІРЖАНОВА, филология ғылымының кандидаты: – Өткен дәуірден қазіргі дәуірге дейінгі халық өмірінің айнасындай жарқырап, халықтың басынан кешкен тарихын тұтас ашып көрсетіп жататын ғажап шешендік өнерді зер сала зерттеп, қазақ әдеби тілінің ауызша түріне жоғары баға берген әйгілі ғалым В.В.Радлов: «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе сөз сайысына келгенде, олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып айтқыштығы таң қалдырады... Кез келгені, тіпті оқымаған қараңғы қазақ сөйлеп кеткенде, тілдің ондай күшін Еуропада тек француздар мен орыстардан байқаймыз. Ал қазақ әңгіме шерте қалса, сөздері мөлдір булақтай құйылып, жаныңа жайлы тиеді», – десе, енді бірде: «Қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы, бұл тілдегі мұраларды менің көп жинап, оған әдебиет нұсқаларын құрастырған жинақтардың толық томын арнауыма себеп болды. Оның үстінде қазақтың басқа бауырластарына қарағанда, сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған ерекше әсер етті» – деп жазды. В.В.Радловтың мына сөздерінен қазақ халқының сөзсаптауы шебер, шешендікке бай болғанын көреміз.

Қазақтың дәстүрлі сөзсаптауында ой еркіндігі, ой жүйелілігі мен жүйріктігі, сөз еркіндігі, сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсіру, тұспалдап сөйлеу, жасыра сөйлеу, жұмбақтап сөйлеу сияқты сөйлеудің небір түрлері болды. Бұл сөйлеу түрлері арқылы біз қазақтың терең зейінділік пен ойлылық техникасын, практикасын жоғары деңгейде меңгергенін байқаймыз. Бірақ қазіргі кезде бұл техника ұмыт болып, дұрыс сөйлеу «ертегі, аңызға» айналды. Қазір «шешен сөйлеуден» гөрі «дұрыс сөйлеу» мәселесін көп айтамыз. Дұрыс сөйлеу мәселесінде ерекше көзге түсетін тілдік құбылыстардың бірі – паразит сөздердің қолданылуы. Паразит сөздер – жат, артық, мағыналық жүгі жоқ генді білдіреді. Әдетте, семантикалық жүктемесі әлсіреген сөздер паразитке айналады. Атап айтқанда: «жоғарыда айтқандай», «яғни», «не ғой», «әйтсе де», «әлгі», «енді», «негізі», «мына», «шынын айтқанда», «шыны керек» «ендеше», «жаңағы», «жалпы».

Паразит сөздердің қолданылуы тілдік және тілдік емес факторлармен байланысты. Тілдік түрткіжайттар:

тілдік норманы дұрыс білмеу (лексикалық, грамматикалық, орфографиялық/орфоэпиялық, стилистикалық, прагматикалық т.б.); сөз байлығының аздығы; тіл жаттығының болмауы т.б. Тілдік емес түрткіжайттар: тілдік орта, психологиялық жай-күйлер т.б.

Ф. Мүсірепов «сөз – сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады» деген екен. Шындығында да, сөздің «жарығын» көбейту үшін, тілдік бірліктерді дұрыс әрі орынды қолдану қажет. Ал ол үшін, әрине, үздіксіз білім мен тәжірибе керек.

ПАРАЗИТ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ АЙТУҒА ТУРА КЕЛЕДІ

Айман АЛДАШ, филология ғылымының докторы, профессор: – Қазіргі сөзқолданыстағы осы проблема сөз болғанда, ең алдымен, өзара мағыналас жаргон, арго, сленг сияқты бірнеше терминдердің мағынасын шолып өткен жөн болар. Бұлардың қай-қайсысы да – микроәлеуметтік қауымдастықтың (шағын топтың) тіліне тән белгілер. Бірқатар ұлт тілдерінде микроәлеуметтік топтың тілдік бірізділігі, өздеріне тән тілі жақсы зерттелген. Әлі де қарастырылып келеді. Кейбір ғалымдар осы аталғандарды тұтастай түрде «паразит сөздер» деп те санайды. Тағы бір еңбектерде мәтін иірімінде жөн-жосықсыз қолданылатын тілдік бірліктерді, мәселен, ауызша сөйлеу барысында қайталан беретін «жаңағы» дегенді «паразит» деп таниды. Басқа тілдердегі зерттеушілер төл тілдегі сөздердің қысқартылуын, ықшамдалуын паразит сөздер деп есептейді. Демек, қазақ виртуалды желісіндегі «айтам дедім ғо (ғой; кейде го), билмим (білмеймін), неістебатсыздар» дегендер паразит сөздер болып саналады. Бұларды паразит сөздердің бір тобы деуге болады. Қазақ тілтанымындағы қазірге дейінгі зерттеулерде, сөз мәдениеті болсын, стиль туралы болсын, паразит сөздер туралы пікір айтыла қоймайды. Бұлайша болуының басты себебі қазақ тілінің қолданысының қазірге дейін таза қалпында сақталуында. Сонымен қатар өткен ғасырдың орта тұсынан бастап, академик Р.Сыздық және оның шәкірттері қазақ сөзінің мәдениетін қадағалап отырды, сөз мәдениетін көтерудің маңыздылығын насихаттауды ұдайы жалғастырды, осының нәтижесінде, қазақ тіліндегі ауызекі сөзде де, жазба тілде де тіл тазалығы сақталып келді. Әрине, қазақ қоғамында микроәлеуметтік қауымдастық (әлеуметтік көрсеткіштері бірыңғай жастар, спорт командалары, студенттер легі, өндірістік топ) бар, олардың өз дағдылы ортасында қолданатын бір бөлек тілдік бірліктер бар. Анығы – сол бір бөлек, дағдылы қолданыстағы тілдік бірліктердің дені – орыс тілі сөздері (жаргон, сленг деуге болады). Бұларды қазақ тілінің тазалығы тұрғысынан қарасақ, сөз жоқ, паразит сөздер. Орыс тілі сөздерінің қолданысы дегенде, «варваризм» деген термин жөнінде де айтуға болады. Қазақ терминжасамындағы кірме терминдердің жөні бір басқа екендігі белгілі. Лингвистикалық тұжырым бойынша көркем шығармада стилдік мақсатта, кейіпкер тілінде қолданылатын шеттілдік сөздерді ғылымда «варваризм» деп аталатыны және мәлім. Нақтылай түссек, көркем туындыларда белгілі бір стилдік қызмет атқаратын, образ жасайтын шеттілдік сөздерді «ақтап» алуға болар, ал өзге тілдің сөздерінің қазақша жазба нұсқалардың басқа түрлерінде, қазақ тіліндегі ауызша сөздегі көрінісі «апликация болып жабысуы» паразит сөздер болып саналады. Шын мәнінде осы терминдердің ішкі семантикасының өзара мағыналас екендігі даусыз. Жазба коммуникациядағы қазіргі үдерістерді, жалпы сипаттарды танытатын аса белсенді үлгісі – онлайн-платформа. Әлеуметтік желі бүгінгі күні компьютерлік технологияны меңгерген, офлайн байланыс жасауға мүмкіндігі бола бермейтін қалың көпшіліктің, ағайын-туыстың, дос-жаранның, әріптестердің хат-хабар алмасатын, амандық сұрасатын, пікір білдіретін, талдау жасайтын айрықша арнасына айналды. Паразит сөздердің, яғни образ жасамайтын, стилдік қызмет атқармайтын, терминдік ұғымдық аппараты жоқ орыс тілі сөздерінің дені осы арнада біршама байқалады. Әлеуметтік көрсеткіштері мен жас мөлшері әртүрлі қатардағы қазақтілді қоғам мүшелерінің, яғни қазақ тілі ана тілі болып есептелетіндердің күнделікті тұрмыстық тілдік қарым-қатынастарында «типа того», «норм/ нормально», «короче». «уже», «класс», «круто» деген сөздер бар. Енді бұлардың қатарын толықтыра бастаған басқа «өзгеліктерді», әсіресе жастар тілінен



байқаймыз. Мысалы, әлеуметтік желіде ұшырасқан өзара ақпарат алмасу барысындағы «кафеге сүйіктіңізбен не болмаса достарыңызбен барып, цивилично әңгімедүкен құрып...» дегендегі «цивильный» сөзі де жиі қолданылып бара жатыр, бұны да паразит сөз деп тануға болады. «Суық күндері ыстық шәй, лате ішіп, тәттілер жеп қайтуға арналған сондай кУЧТ(осылайша соңғы әріптер бас әріппен таңбаланған) жер» деген сөйлемдегі кУЧТ дегені, шамасы, «күшті» дегені болар. Әлеуметтік желіде осы тақырыпқа сұхбат құрғандар өзара цивиличный жер екен, расында, ой кУЧТ екен деп қайталай бастапты. Сол сияқты «біздің дворда бала көп; дворда ойнап жүр», «бір ситуация болды» дегендерді жиі естуге болады. «Конвикт досым Алматыға келді» деген сөйлем де ұшырасты, бұндағы конвикт сыныптас, группалас дегенге саяды, өйткені википедияның мәліметіне қарағанда, convictus / convivere түптөркінінде «бірге тұру» деген мазмұнды береді екен. Дворда қыдыру, цивиличный, игнор жасау, дүкенде скидка болып жатыр, кУЧТ, типа того, уже, норм, спс (рахмет), поделиться ету, зависать ету, удалить ету, сохранить ету, конечно, споки (қайырлы түн мағынасында) сияқтылардың виртуалды әлемдегі қолданысы қазақ тілін жетік меңгермегендіктен емес. Керісінше, ауыздан-ауызға көшіп жүретін «өзгеліктердің» сөйлеуде штампқа айналуының, еліктеудің, осылайша қолдануды «қызық» көрудің, өзін айрықшалап көрсетуге ұмтылудың, сөзіне осыларды араластырудың қандайлық екендігіне мән бермеудің көрінісі. Сонымен қатар қазақ тілінде баламасы бола тұра орыс тілі сөздерін пайдалану ауызекі сөзде де, жазба тілде де кездесіп қалады. Мәселен, жетпіс-сексен жыл бұрын ұсынылып, нормаға айналған, ең бастысы – қазақтілділердің барлығына да таныс болған қолшатыр, аялдама, балмұздақ, мейрамхана, дәмхана сөздерінен гөрі сөйлеу барысында көпшілігі зонт, остановка, мороженое, ресторан, кафе деген сөздерді қолдануға бейім. Виртуалды әлемдегі сөзқолданыс тілші мамандар, зиялы қауым, қазақ тілінің тазалығына алаңдайтын жұртшылық мән бере бастады. Әрине, алдымен, әсіресе жастар тілінде белең ала бастаған бұл көріністің себеп-салдарын іздестірген жөн. Жалпы жастар тіліндегі сөз жұтандығын көркем әдебиетті оқудың азайғандығына байланыстыратын пікірлер бар. Орыс тілінің тегеурінінің басымдығына тірелетіндігі де жиі айтылады. Бұл құбылыс қазақ сөз мәдениеті, лингвистика салаларының аспектісінде қарастыруды қажет етеді. Әлеуметтік желіде тіл тазалығына бағытталған практикалық іс-шараларды ұйымдастыру нәтижелі болмақ. Әрине, ең бастысы, әрбір оқырман, әр жазарман өз сөзін қадағалауы жөн. Қандайда болмасын, ақпаратты, эмоцияны, көңіл-күйді жеткізерліктей қазақ тілінің сөз байлығы, сөз астары құнарлы екендігі дау тудырмаса керек. Рас, әлеуметтік лингвистикаға қатысты еңбектерде паразит сөздер деп қазақтілді адамның сөзіне орыс тілінің сөздерінің араласуын айтады. Ал роман-герман тілдерінде бұл мәселе қарастырылады. Қазақ тіліне қатысты зерттеулерде паразит сөздерге назар бөлінбеуінің себебі неде? Дегенмен қазақ тілі қолданысының қазіргі тұсында паразит сөздер туралы айтуға тура келеді. Қазіргі сөзқолданыста ұшырасатын паразит сөздердің негізгі тобы – орыс тілінің сөздері.

Мақаланы дайындаған: Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, газет тілшісі.

КӨРКЕМ МІНЕЗ – ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТ

Адам баласын көптің ішінде ажыралып тұратын қасиеттерінің бірі көркем мінез. Көркем мінез адам бойындағы ең құнды қасиет. Көркем мінез ол пайғамбарлардың мінезі, шыншылдардың ізгілердің мінезі. Көркем мінез адам бойындағы алтын жауардан да артық жылтырап көзге көрініп тұратын әшекей. Қазақтың қара сөзінде «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, мінез, ар деген нәрселермен озады. Бұдан басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі – ақымақшылдық» деген. Абай атамыз он сегізінші қара сөзінде. «Жақсы мінез-жан көркі. Адамды кең пейіл, көпшіл ететін де я болмаса қылтымыр, кекшіл ететінде- бойға біткен мінез.

Ислам – көркем мінезге шақыратын ең соңғы иланы дін. Пайғамбарымыздан Бір кісі Пайғамбарымызға келіп: – Дін деген не? – деп сұрағанда: Ол – көркем мінез, – деп жауап қатқан. Әлгі адам айналсоқтап кетпей, бір қойған сауалын неше мәрте қайталаса да Пайғамбарымыздан «Көркем мінез» деген жауапты алған. Іс-амалдардың қайсысы жақсы? – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз: Көркем мінез, – деген. Тағы басқа бір хадистерінде: – Алла бұл дінді өзіне тән қылды. Сендердің діндеріңе жомарттық пен көркем мінезден басқасы жараспайды. Ояныңдар. Осы екі қасиет арқылы діндеріңізді көркемдеңіздер – Мүміндердің иман тұрғысынан ең кемелдісі – мінез-құлқы ең жақсы болғаны: – Мен үшін сіздердің ең сүйіктілеріңіз, сондай-ақ қиямет күні маған ең жақын болатындарыңыз – ең көркем мінезділеріңіз. Сірке балды қалай бұза, жаман мінез-құлқы та сол секілді ізгі амалдарды бұзады (жарамсыз етеді); – Қайда болсаңдар да Алла Тағаладан қорқыңдар! Жамандық жасасаңдар, артыңша дереу оны жуып-шайтын жақсылық жасаңдар. Елмен қарым-қатынаста көркем мінезді болыңдар! – деп, бұның маңыздылығына үмбетінің назарын ерекше аударған. Басқа бір хадисте Абдулла ибн Жәбир (р.а) жеткізеді. Пайғамбарымызға (с.ғ.с) Жебрейіл (ғ.с) Алла тағаланың былай дегенін хабарлайды. «Шын мәнінде, бұл Ислам діні- Мен разы болған дін. Оған жомарттық және көркем мінез жарасады. Ислам дінін жомарттық және көркем мінез арқылы қуаттаңдар!» бұл хадистің астарында көркем мінезділік Исламның айнасы екенін түсінеміз. Алла тағала Пайғамбарымызды(с.ғ.с) мінезін көркемдікпен көмкерген. Энас ибн Мәлік (р.а) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) мынадай сөзін жеткізеді. «Мен көркем мінездерді толықтыру үшін жіберілдім» деу арқылы көркем мінездің өзінің пайғамбарлық ұлық мақсатымен тікелей байланысты екенін көрсетіп кеткен. Оның мінез-құлқы – Құранның тәлім берген сүттен ақ, судан таза ұстанымдарының жиынтығы. Айша анамыздан біреулер Пайғамбарымыздың мінез-құлқы жайлы сұрағанда: «Сендер Құран оқымайсыңдар ма? Оның мінез-құлқы – Құран ғой» деп жауап беруі осының дәлелі. Көркем мінездің анықтамасы жайында тіл, фәлсафа әрі дін ғұламалары зерттеп әртүрлі пікірлерін жазған.

Тіл ғалымдары: Көркем мінез-Ол әдемілік. Кез келген іс-әрекетті әдемі орындау- деген.

Фәлсафа ғалымдары: адамдарға ұнамды болу яғни (симпатия), деген.

Дін ғалымдары: «Көркем мінез» сөзін кеңінен қарастырып, адам баласының жеке өзіне, отбасында, жұмыс орнында, қоғамдық орындарымен құлшылығына қатысты іс-әрекетінде әдепті болу, жақсы атқару, тіпті талас-тартыс, кек алу, ажырасу, арыздану, өтініш, қарызды талап ету, жазалау, сондай-ақ соғыс кездерінде де шарият талаптарымен әдептерін сақтай отырып атқару, - деген. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» Абайдың осы бір өлеңін білмейтін қазақ кемде кем шығар. Иә адам бойындағы көркем мінез –құлықтың тағы бір көрінісі, оның бауырмал болу, айналасындағы адамдармен болған қарым қатынасынан байқалады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадисінде: «Алла үшін пенделерінің иманы ең толықтары – көркем мінезділері, бауырмалдары, әрі бауыр басып тұратындары. Бауырмал еместер мен бауыр баспайтындардан еш қайыр жоқ» (табарани риуаяты). Көркем мінез адам бойындағы ең құнды қасиет деп жоғарыда атап өттік. Көркем мінез дегеніміз не? Имам Тобари (р.а.) көркем мінезге әдептіліктің ең жоғарғы сатысы деп түсініктеме берсе, ал имам Мужанид (р.а.) көркем мінез ол, діннің нағыз өзі деген екен. Ал, Хасан ал-Басри (р.а.) болса көркем мінез дегеніміз өзіңдегі өзгемен бөлісу, қолы ашық болу және сабырлы болу деген екен. Имам Ахмад айтқан: көркем мінез - кісі өзін көреалмаушылықтан сақтай білсе немесе ашушаңдықтан өзін тия білсе немесе өзгеге жала жаппаса деген екен.

Көркем мінездің белгілері Имам Ғазали (р.а.) көркем мінездіктің кейбір белгілері тізбектей келе, ол - көп ұятты, аз зиянды, көп игі істі, әрі турашыл, аз сөзді көп істі, әрі аз қателесетін, жақсылыққа жаны жақын, сабырлы, шүкіршіл, дана, жұмсақ кісі болу. Лағынет-балағат сөздерге, өсек-ғайбатқа, өтірік-жалаға, сараңдық пен көреалмаушылыққа жаны қас болу. Алла жолында жақсы көріп, Алла жолында жаман көру және Алла риза болатын дүниеге риза болып, Алла ашуланатын дүниеге ашулану, деу арқылы Ислам діні негізінде адамзаттың бақытына баланған игі жақсылықтың бірі көркем мінез екендігін дөп басып айтқан. Алаштың арланы болған Ахмет Байтұрсынұвтың тасқа қашап айтқан мына сөзін ұмытпаған жөн болар «**Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден»** десе **Жүсіп Баласағұн «Кісіге екі дүниеден пайдалы – ізгі іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады»** - деген. Бұл тұста ұят пен әділдік мінездің сыңары екенін ойда ұстау қажет.

Көркем мінез – дінімізбен қоса екі дүниеде де бақытқа бастайтын бірден-бір жол. Егер біз ислам ұсынған көркем мінез үлгілерін дәріптеп, иманымыздың кәмілдігін Пайғамбарымыз бен сахабалардың ғұлама-ғалымдарының алаш арландары секілді іспен көрсете білсек және оны өмірлік дәстүрге айналдыра алсақ, төрткүл дүниенің түкпіріне тарыдай шашылған адамзат баласының исламға деген махаббаты да арта түспек.

ЗИЯТБЕК АХМЕТҰЛЫ,
Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА...

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық мамандық. Мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.



Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. Жалпы білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі жас буын - еліміздің келер күнгі келбеті. Мектептегі ұстаз – баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы. Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты да кешіре біледі. Оның бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейіп, ержеткізеді. Сондықтан әрбір шәкірт өзіне үлгі-өнеге болған сүйікті мұғалімін ұстазым деп атайды. Осы тұста Абайдың: Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға,- деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе?! Қазіргі білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты проблема – жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру. Жаһандану дәуірі – әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі де болғандықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ұстаздың кәсіби шеберлігінің негізі, біріншіден, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымдары. Екіншіден, пән-жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан жақты, тереңдайындықпен баруы, оқушылар бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі. Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін міндетті түрде меңгеру. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет десек, дәл сондай ұстаздар біздің ұжымда да бар. Сол ұлағатты ұстаздарымыздың бірі, өз ісінің білікті маманы, ұстаздық жолда өзін білімді де білікті маман екенін әлденеше рет өзінің еңбек жолында дәлелдеп те бере білген әріптесіміз – Шаймерденов Сейітжан Дәулетханұлы!

Дүниедегі мамандық атауының төресі – ұстаздық. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Небір данышпан да, қарапайым еңбек адамы да осы ұстаздардан тәлім алған. Сондай ұлағатты ұстаздардың бірі, білікті басшы – Шаймерденов Сейітжан Дәулетханұлы 18 ақпан ердің жасы 50 жасқа толады.

Бүгінде білім ордасында білікті басшы ғана емес, отбасында үлгілі әке, жақсы жар, ағайын-туыс ортасында бауырмал, елге абыройлы азамат.

Құрметті Сейітжан Дәулетханұлы! Сізді мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс-береке байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын тілейміз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын.

Теңдік орта мектебінің ұжымы.

ЕҢБЕК ШАРТТАРДЫ БІРЫҢҒАЙ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІ (ЕШЕБЖ) ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК

Қазақстан Республикасының еңбек нарығы қарқынды және белсенді цифрландырылуда. Сонымен қатар, 2020 жылдың 4 мамырында Мемлекет басшысы «Еңбек мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойғанын, сондай-ақ Еңбек кодексінде 23-баптың 2-тармағының 27-тармақшасындағы түзетулермен жұмыс берушілердің есепке алудың бірыңғай жүйесіне еңбек шарттарын жасасу және қызметкермен еңбек шартын бұзу, ол бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты жолдау жөніндегі міндеті көзделгенін атап өткен жөн.

Жұмыс беруші жүйеге мынадай мәліметтерді енгізуге міндетті:

- Жұмыс берушінің ЖСН немесе БСН және қызметкердің ЖСН;
 - қызметкердің лауазымы (кәсібі, біліктілігі);
 - жұмысты орындау орны;
 - жасалған шарттың мерзімі;
 - жұмыстың басталу күні;
 - еңбек шартын жасасу күні және оның реттік нөмірі.
- Өз қалауы бойынша :
- еңбек және демалыс режимі;
 - қызметкермен шартты бұзу негіздері;
 - қызметкердің әскери міндеттілігі толтырылады.
- ЕШЕБЖ -ға келесідей ақпарат енгізуге болады:
- өзінің кадрлық есепке алу жүйесін ЕШЕБЖ -мен біріктіру;
 - «Электрондық еңбек биржасы» АЖ арқылы.
- Кадрлық есепке алу жүйесін ЕШЕБЖ -мен кіріктіру кезінде Ақпарат және коммуникациялар министрінің 29.03.2018 ж. №123 (тіркеу нөмірі НҚА тізілімінде №16777) бұйрығын басшылыққа алу қажет.
- «Электрондық еңбек биржасы» порталын пайдаланған

кезде ЭЦҚ-пен растай отырып, алдын ала тіркеліп, ұйымның жеке кабинетін құру қажет.

ЕШЕБЖ толтыру мерзімі:

- жаңа шарттар бойынша - олар жасалған күннен бастап 5 жұмыс күніне дейін;
 - қолданыстағы шарттар бойынша –қызметкерлер саны 2000 адамнан кем ұйымдар үшін 1 жыл ішінде (18.09.2020 ж. бастап санау) және 2 жыл ішінде – егер саны 2000 адамнан артық болса;
 - шартқа өзгерістер бойынша-тараптар қосымша келісімге қол қойған күннен бастап күнтізбелік 15 күнге дейін;
 - шартты бұзу бойынша-бұзылған күннен бастап 3 жұмыс күніне дейін;
 - қызметкерді жұмысқа қайта алу кезінде –қайта алған күнінен бастап 10 жұмыс күніне дейін.
- Сондай ақ жұмыс берушіге 30 күнтізбелік күн:
- дұрыс емес мәліметтерді түзету үшін;
 - қате мәліметтерді жою үшін беріледі.

Естеріңізге сала кетейік, енді МЕИ инспекторлары ұйымға тексеру жүргізген кезде, оның ішінде ЕШЕБЖ-ға мәліметтерді енгізу фактісі де тексерілетін болады. Жұмыс беруші ЕШЕБЖ-ны толтыра ма, жоқ па, соны анықтауға бағытталған жеке тексерулер жүргізілмейді. Алайда, жалпы тексеру құрамында мұндай мәселені инспекторлар жоспарға енгізуге құқылы.

МЕИ тарапынан айыппұлдарды болдырмау үшін «Электрондық еңбек биржасы» порталында алдын ала тіркелу немесе өзінің кадрлық есепке алу жүйесін ЕШЕБЖ-мен кіріктіру бойынша жұмыстарды бастау қажет.

Тайынша ауданы әкімдігінің Жұмыспен қамту және Әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

ЖАЗЫЛМАС ЖАРА...

Отансүйгіштік – адамның бойында отбасылық тәрбиемен, өсіп-өнген ортасының ықпалымен қалыптасатын қасиет. Бала кезімде мен үшін ең құрметті, ең сыйлы, өнеге тұтатын жандар – Ұлы Отан соғысының ардагерлері болды. Туып-өскен ауылым Ақтастан Екінші дүниежүзілік соғысқа 58 адам аттанған. Аман оралғаны – 16 жауынгер. Отан қорғау, жерді сүю, азаматтық борышты ақтау деген ұғымдарды соларға қарап үйрендік. Одан кейін әскери борыштарын өтеп келген жасы үлкен ағалардың әңгімелері құлағымыздың құрышын қандыратын. Соларға қарап бой түзедік.

1979 жылы Ауған соғысы басталған кезде мен ержетіп қалған едім. Кеңес әскері Ауғанстанның аумағына енді дегенді естідім. Менің замандастарым әскерге баруды абырой санайтын. Мен де кәмелетке толғаннан дайындала бастадым. 1980 жылы мектепті бітіріп, кеңшарда еңбек еттім. 1981 жылдың көктемінде Бұлаевта үш ай көлік жүргізуші кәулігін ашу үшін оқып, күзде әскерге шақырту күттім. Шақырту 1 қазан күні келді. Қасымдағы бірнеше жерлесіммен бірге Өскеменге аттандық. Үш айлық жаттығу мен карантин уақыты да тез өте шықты. Дайындық барысында қай жаққа жіберетінін ақырындап сезе бастадық. 1981 жылдың 25 желтоқсаны күні самолет Ауған елінің топырағына келіп қонды. Бізге Өскеменнің 40 градус аязынан кейін, ыстығы бастан өтетін жерге тап болу басында қызық көрінді.

Танк полкінің 71183 бөлімшесінде әскери борышымды атқардым. Міндетім – жүргізуші. Прапорщик Сударкин деген өжет жігіт өзінің взводуна адам таңдаған кезде жерлесім Думан Әбішев екеуімізді артиллериялық дивизияны қамтамасыз ететін взводтың құрамына қабылдады. Қаруласым Думан Есіл ауданындағы Алабие ауылының тумасы болатын. Біз жанар-жағармаймен, сумен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп, сыңған техникаларын жөндеп беру міндеттерін арқаладық. Жол торабының әр елу шақырымында бекет болады. Сол бекетке орнығып, қасынан өткен колонналарды қажетті заттармен қамтамасыз етеміз. Түркіменстан жеріне дейін өтіп, керек-жарақтарды алып қайтамыз.

Соғыстың аты – соғыс. Қауіп-қатер кез келген сәтте төнуі мүмкін. Қырағы болуың керек. Бойыңды үнемі үрей билеп жүреді. Ауғандықтар – соғыстың айла-тәсілдеріне әбден бейімделген, дайындықтан өткен адамдар ғой. Оның үстіне өз жерлерінің тау-тасын, ой-шұқырын жақсы біледі. Тосыннан шабуыл жасап, тасадан оқ ата салады. Белі бесіктен шықпаған баласына дейін қатігез, кірпік қақпастан қару кезенуі мүмкін. Ал біздер үшін адам өлтіру оңай емес еді.

Бірде қызмет бабымен Кандагар жаққа қарай жылжыдық. Елу шақырым жерде кеңес әскерлерінің бекеті бар. Бұрын да бірнеше мәрте жүрген жолымыз. Жақындап қалған кезде оқ дәрі тіркеген көліктің моторы сыр берді. Өз көлігіме тіркеп,

тартып келемін. Тау жақтан оқ атыла бастады. Көлігімнің алдыңғы терезесі сынып, оқ құлақтың түбінен өтті. Кабинада отырған үшеуіміздің аман қалғанымызға әлі күнге дейін таңғаламын. Колоннаның соңына қарай жанармай құйылған көлікті Евгений Баранов деген жігіт айдап келе жатқан еді. Машина өртеніп, жауынгер сыртқа секіріп, аман қалған. Тағы бір жауынгеріміздің де жансөзділігі таңғалдырды. Оның де көлігі өртеніпті. Бет-аузы қан-жоса. Бірақ оқтан ығар емес. Алған жарақатынан есеңгіреп қалған сияқты. Оны өлімге қимай, Талғат екеуіміз жүгіре басып, әлгіні әзер дегенде жерге құлаттық. Ажалы келмесе, сұрапыл соғыста да аман қалады екенсің. Ондай жайттар көп болды.

Ауғанстандағы соғысқа қатысқандардың кейбірі кейін бейбіт өмірге бейімделе алмай қалды. Қарулы қақтығыстар аймағында болғандар психологиялық ауытқушылықтарға душар болды. Талай рет өліммен бетпе-бет келген кейбір жауынгерлер елге келген соң өз-өздеріне қол жұмсады. Денсаулығы сыр беріп, өмірмен ерте қоштасты. Солардың арасында жерлестерім Жаңбырбай Сағынаев пен Думан Әбішев те бар.

Соңғы кезде Ауған соғысы туралы алып-қашпа әңгімелерді естимін. Басқа елдің ішкі ісіне араласу кеңес үкіметінің қателігі деген сөздер де айтылып жүр. Қалай десек те, бұл соғыс – қанмен жазылған тарихтың бір өткелі. Он жыл ішінде кеңес үкіметі 15051 азаматын жоғалтқан. Аз емес. Бәрі дерлік – қыршын кеткен жас жігіттер. Олардың артында еңіреп қалған ата-анасы мен бауырларының жүрегіңдегі жараның ізі әлі жазылған жоқ.

Ауған жерінде көрсеткен ерлігі үшін 200 мыңға жуық жауынгер әскери орден-медалмен марапатталыпты. Солардың ішінде менің досым Талғат Күдірбеков те болу керек еді. Майбалықтың (Жамбыл ауданы) тумасы соғыста байланысшы болды. Ерекше қабілетті болатын. Өзінің біліктілігінің, зеректілігінің арқасында қаншама рет бізді жаудан құтқарып қалды. Кейде жау ортасында қалып қойған жауынгерлермен байланыстың ретін тауып, көмек жібергізді. Жау орналасқан жердің радиусын дәл беріп, көзін құртпауға талай септігін тигізді. Сондай ерлігі үшін басшылығымыз екі рет марапатқа ұсынған болатын. Өкініштісі, сол кезде де ұлтына қарап бағалау деген бар еді. Белгісіз себептермен марапат ала алмады. Әйтпесе, нағыз ерлік көрсеткендердің бірі болатын.

Ауған жерінде кеңес үкіметінің солдаттары соғысып қана қойған жоқ, үй, мектеп салуға, жолдарды түзетуге көмектесті. Жергілікті халықтың кеңес жауынгерлеріне деген сенімді зор еді. Бізге жақын орналасқан кишлактардың тұрғындары көмек



сұрап жиі келетін. Қолдан келген қамқорлығымызды аямайтынбыз. Соны сезетін олар да жауынгерлерге жылы көзқарас танытты. Оларды әлі күнге дейін аяушылықпен еске аламын. Ол жақта өткізген екі жыл біздің өмірімізге өшпестей ізін салып кетті. Кейбір жолдастарымызды қара жер қойнауына бердік. Қалғандарымыз әлі күнге дейін бір-біріміздің хал-жағдайымызды сұрасып тұрамыз. Кездесу ұйымдастыратын кездеріміз де болады. Жақын араласқан қаруластарым Орал Өмірәлинов, Талғат Күдірбековпен бауырдай болып кеттік.

Соғыстың қасіретін көзімен көріп келген жауынгерлердің атқарған қызметін бағалау мәселесі көңілдегідей емес. Үкімет тарапынан азын-аулақ көмектер болмаса, соғыс ардагерлері ретінде толықтай құрмет көрсету мәселесі әлі күнге дейін толыққанды шешілген жоқ. Жауынгерді құрметтеу арқылы жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім ұялатуға болады. Мәселен, мені жеткіншектермен кездесуге жиі шақырады. Олардың бойына отансүйгіштік қасиеттерді дарыту үшін бар көрген-білгенімді айтуға тырысамын.

Ауған жерінде от пен оқтың ортасында жүріп, әсіресе тау-таста көлік жүргізуге әбден машықтанғанмын. Сол жүргізушілік кәсіпті өмірлік нәсібім еттім. 1999-2016 жылдар аралығында өрт сөндіру қызметінде көлік жүргізушісі болдым. Бүгінде ұлыммен бірге жолашушылар тасымалы саласында қызмет етеміз. Жүргізушілік еңбек өтілім – 42 жыл. Ұлымның әке жолын жалғастырғаны қуантты. Кіші қызым да өрт сөндіру саласын таңдады. Менен алған өнегелері ме деп ойлаймын. Менің өмірден ұққаным – отансүйгіштік қасиетті, кейбір өмірлік ұстанымдарды біз алдыңғы буынның іс-әрекетіне қарап қалыптастырады екенбіз. Біз майдангер ата-әкелерімізге қарап өстік, ендігі міндетім – жастар бізден үлгі алса екен деген ой.

Асхат ҚОСПАНОВ, Ауған соғысының ардагері.

*Көпшілік НАЗАРЫНА!

СУ ТАСҚЫНЫ БОЛҒАН КЕЗДЕ

Су тасқыны кезеңінде Тайынша ауданында, көп жылдар бойы бақылау мәліметтеріне және алдын ала болжам есептерге сәйкес, Заречное ауылдарының жанында су басуы мүмкін. Егер де Ақмола облысының Чаглинка су қоймасынан көп су тастауында Заречное және Бірлік ауылдарының жолдарында қираулар болуы ықтимал. Бұған Мироновка және Виноградовка ауылдары бойынша айналым жолдары алдын ала дайындықта болады.

Су тасқынының қауіпін болдырмауы бойынша және оның зардаптарын азайту мақсатында Тайынша ауданының аумағында ТЖ бойынша бөлімінің және жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлерімен бірге жыл сайын келесі іс-шаралар өткізіледі:

- Тұрғындарды көшіру үшін уақытша резервтегі тұрғын үйді көрсетіп, су алуы мүмкін аймақтан тұрғындарды, малды және материалдық құндылықтарды эвакуациялау жоспарларын түзету;
- Қар көп жиналған жерлерді тазалау, су өтетін арналарды және каналдарды тазарту, механизмдерді және су өткізетін құрылғыларды жөндеу;
- Су алуы мүмкін аймақтардан және телімдерден еріген сулардың кедергісіз өтуін ұйымдастыру;
- Су алуы мүмкін аумақтарды алдын ала себу керек;
- Су тасқыны маусымында негізгі қамтамасыз ету базасымен қатынассыз қалатын елді мекендерде, шопандардың тұрғын жерлерінде азық-түлік, отынның қажетті қорын құру.

Су тасқынының ауыр салдарын жеңілдетуге болады, егер келесі қауіпсіздік ережесін ұстанса:

- Көктемде қарқынды қар ери бастаған кезде, қолайсыз ауа райында, сел жүре бастаған кезде төмен өзен жағалауына тоқтауға болмайды;
- Апатты су тасыған кезде тез төмен жерлерден кету керек, тым болмаса бедердің жоғарғы жағына қарай жету керек;
- Су қоймасы бөгетінің және өзендердің жанында орналасқан саяжайға барудан бас тарту керек;
- Өзендердің үстінен өтетін терең және кең жырадан, каналдардан, орлардан және басқада конструкциялардан өтуге болмайды;
- Құрлықтан алшақ болмау үшін өзендердегі түбектерге баруға болмайды;
- Жазатайым оқиға болмау үшін белгісіз жерлерден, өзендердің, арықтардың, басқада суаттағы мұздың үстімен өтуге болмайды;

- Балалардың өзендердің, қазан шұңқырлардың, терең жыралардың жанында ойнауға тыйым салыңыз;

- Балықшылар осы кезеңде су толық түскенге дейін балық аулаудан бас тарту керек.

Егер Сіз өзеннің алай-дүлей көтерілген толқынында қаза болғыңыз келмесе, көктемнің су тасқыны нәтижесінде құнды заттарыңыздан айрылғыңыз келмесе, қазір қажетті шараларды қолданыңыз.

Егер сіз су тасқыны мен су басу қаупі туралы дабыл алсаңыз не істеу керек!

Егер сіздің аудан су тасқыны мен су басудан жиі зардап шегетін болса, онда су басу аймағының шекараларын, сондай-ақ биік жерлерді, өзіңіз тұратын жерге жақын орналасқан, сирек су басатын жерлерді, сондай-ақ сол жерлерге баратын төте қысқа жолды біліп және есте ұстаңыз;

Қайықтың, су салдарының және жүзу құралдарының дайындауға қолда бар материалдардың сақтау орындарын есте сақтаңыз. Эвакуация болған жағдайда бірінші кезекте өзіңізбен бірге алатын құжаттардың, мүлік пен дәрілердің тізімін алдын-ала жасаңыз.

Құндылықтарды, қажетті жылы киімдерді, артық тамақтарды, суды, сондай-ақ дәрі-дәрмектерді арнайы шамаданға немесе рюкзақ қапшыққа салып қойыңыз. Қайық пен басқа да жүзу құралдарын дайындаңыз. Оларды су айдап әкетпес үшін, міндетті түрде байлап қойыңыз.

Су тасқыны мен су басу қаупі туралы дабыл алған кезде:

- суды, газды және электр тоғын өшіріңіз;
- жанып тұрған пешті сөндіріңіз;
- егер уақытыңыз жеткілікті болса үйдің жоғарғы қабатына (шатырға) құнды заттар мен мүліктерді, тұщы су қорын және ұзақ мерзімге сақтауға келетін консервіленген тағамдарды тасып шығарыңыз;
- ауылшаруашылық инвентарларын қауіпсіз орынға апарыңыз;
- өз үйіңізді апат соққысына дайындаңыз;
- бірінші қабаттағы барлық есік пен терезелерді жабыңыз, қажет болғанда және уақыт көтерсе терезелер сынбас үшін оларды тақтаймен немесе фанерасымен шегелеп тастаңыз;
- өзіңізбен бірге су өткізбейтін пакетте жеке құжаттар, ақша, бағалы заттар, медициналық қобдиша, мезгілге сай киім мен аяқ киім, жатын жаймалары мен дәретханаға қажеті заттарды сонымен қатар үш күндік тамақ (киімдер мен тамақты чемоданға немесе сөмкеге салған жөн) алыңыз;
- қауіпсіз ауданға көшу үшін белгіленген уақытта

эвакуациялық жинақтау пунктіне барыңыз.

Кенеттен су басса:

- үрейленбей, сабырлық танытыңыз;
- тез арада жақын жердегі қауіпсіз, биік жерге шығуға тырысыңыз, сумен сонымен қатар қолда бар жүзу құралдарының көмегімен көшуге тырысыңыз;
- егер бұл мүмкін емес болған жағдайда жоғарғы қабатқа немесе үйдің шатырына шығыңыз;
- су көтерілген жағдайда шатырға, ал су тез көтерілген жағдайда – үй шатырының қырына шығу керек;
- балалар, ауру, әлсіз, жаураған адамдарды өзіңізге немесе шатырдың берік бөлігіне мысалы пеш құбырына байлаңыз;
- ағаштарға, бағандар мен сенімсіздік тударатын құрылыстарға шығуға болмайды. Олар су тасқынымен қозғалып, құлауы мүмкін;
- құтқарушылардың назарын аудару үшін үнемі апат дабылын беріп отырыңыз; күндізгі уақытта жоғары жерде ақ немесе түсті мата іліңіз, ал түнгі уақытта жарық дабылын беріңіз;
- құтқарушылар келгенге дейін жоғарғы қабатта және биік жерлерде қалыңыз;
- өз бетіңізбен көшіруді тек зардап шегушіге тез арада медициналық көмек көрсету қажет болғанда, тамақтың жоқтығынан, құтқарушылардың келуіне сенімсіздік туғанда немесе жай - күй нашарлағанда жүзеге асыруға болады;
- өз бетінше көшіруде жеке қайықтар мен катерлерді, бөренелер мен басқа да қолда бар құралдарды пайдаланыңыз.

Су қайтқаннан кейін:

- үй қирауы қауіпсіздігінің жоқтығына көз жеткізу үшін, үйді мұқият қарап шығу;
- ішкі бөлмелерді жарықтандыру үшін шырпыны немесе шамдарды қолданудан сақ болу (жарықтандыру үшін электрлі жарық түсіргіштер қолдануға болады);
- үзілген немесе жалғанбаған электрлі сымдардан сақтану;
- есте ұстаңыз, мамандардың электр торабын тексергенге дейін электр құралдарын қосуға тыйым салынады;
- қираған немесе нұқсан келген су құбырлары, газ және канализация магистральдары туралы тез арада коммуналды қызметтер мен ұйымдарға хабар беріңіз;
- суда қалып қойған азық-түлік санитарлы-эпидемиологиялық қызметтің тексерісінсіз тамаққа қолдануға тыйым салынады;
- су басқан жерлердегі құдықтарды міндетті түрде дезинфекциялау қажет.

Руслан Әбдікерімов,
Тайынша ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің
бастығы азаматтық қорғаныс подполковнигі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г кәулігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 55. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.